

МЕНЕДЖМЕНТ MANAGEMENT



ХҒТАР 11.15.45

Ж.Е. Бақатова

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан
(E-mail: jani_bakatova_1989@mail.ru)*

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер институты: қазіргі жағдайы мен даму болашағы

Аннотация. Осы мақалада Қазақстандағы республикалық және аймақтық қоғамдық кеңестер қызметінің ағымдағы жағдайына шолу ұсынылып отыр. Мемлекеттік органдардағы қоғамдық кеңестердің қызметі қарастырылды, осы зерттеу жұмысы аясында қоғамдық кеңестердің қатысуымен өтетін мемлекеттік басқарудағы шешім қабылдау саласында кейбір өзекті мәселелер көтерілді. Қоғамдық кеңестермен шешімді қабылдаудағы халықаралық тәжірибені талдау нәтижесі көрсетіп отырғандай, қоғамдық кеңестер қабылдаған шешімдердің екі түрлі болатындығы анықталды. Мемлекеттік басқару саласы бойынша дамыған елдердің тәжірибесін зерттеу нәтижесінде мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестік арналарының ойластыру аясында өкімет органдары мен халық арасындағы сенімнің артуы орын алғандығы айқындалды. Сонымен қатар, осы зерттеуде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басқару шешімдерін қабылдау үрдісінде қоғамдық кеңестер қызметін одан әрі дамыту бағыттары ұсынылып отыр.

Түйін сөздер. Қоғамдық кеңестер, мемлекеттік органдар, мемлекеттік саясат, шешім қабылдау, азаматтық қоғам институты, мемлекеттік басқару.

Азаматтық қоғам институттарының Қазақстандағы даму болашағы, қазіргі таңда, өзекті тақырыптардың бірі екені мәлім. Қоғам өмірінде болып жатқан реформалық үдерістері үздіксіз мониторингті, бағалауды, талқылауды талап етіп отырады, және де ол қажет болған жағдайда, азаматтық қоғамның жеке элементтер жұмысының тетіктеріне өзгерістер енгізу де артық етпейді.

Заманауи жағдайда Қазақстанда мемлекеттік басқаруды жаңғырту үдерісі жүргізілуде, оның басты мақсаты болып азаматтар мен ұйымдардың қызығушылығына және қажеттілігіне қарай мақсаттарды, басымдықты және мемлекеттік құрылым қызметінің әдістерін қайта бағдарлау болып табылады. Экономика мен қоғамдық-саяси өмірдің үшінші секторының дәрежесін арттыру – бүкіл ғаламдық үрдіс. Және де осы үрдіс біздің елімізге де келіп жетті. Еліміздегі азаматтық қоғамның дәрежесі жылдан жылға артуда.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамның ой-пікірін талдау саяси коммуникацияның ең басты тетіктерінің бірі болып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік басқару үдерісінің бір маңызды бөлшегі болып табылады.

Мемлекеттік органдардағы қоғамдық кеңестердің Қазақстанда маңыздылығы күннен күнге артуда, елімізде қызмет жасап отырған қоғамдық кеңестер мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы делдалдық функцияны қамтамасыз ететін, сондай-ақ жеке және көпшіліктің мүдделері арасында консенсусты табу міндеті тұр. Азаматтардың мемлекеттік органдарының саяси, экономикалық және әлеуметтік қызметіне қатысу нысаны ретінде осындай қоғамдық кеңестердің маңыздылығы заң шығару бастамасы әр түрлі қатынастағы құқықтық реттеудегі қоғамның нақты қажеттілігін анықтауға, азаматтық топтардың мүдделерін ескеру, тұрғындардың белсенділігін ынталандыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында шешімдерді қабылдау үдерісінде республикалық, сонымен қатар аймақтық қоғамдық кеңестердің қазіргі жағдайын зерделеу мақсаты қойылған болатын, сол арқылы алынған нәтиже бойынша осы институттың Қазақстандағы даму болашағын анықтау мақсаты тұр.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңесті институцияландырудың хронологиясын талдауға сүйенсек, оны құру идеясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың

Қазақстан халқына Жолдауында айтылған болатын [1].

Біздің елімізде 2015 жылы 2 қарашада «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы қабылданған. Бұл Заңға сәйкес қоғамдық кеңестер (бұдан әрі – ҚК) – министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы органдар, қоғамдық кеңестер екі деңгейде – республикалық және жергілікті деңгейлерде құрылады, және де ол автономды және дербес болып табылады.

Қоғамдық кеңестер азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесе қоғамдық маңызы бар мүдделерін келісуді қамтамасыз ету қажет, және де маңызы бар экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін шешу мақсатын, келесі жолдармен жүзеге асырады:

1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасауын дамыту;

3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен орталық және жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады [2].

Қазақстанда 2016 жылдан бастап еліміздің түпкір түпкірінде қоғамдық кеңестер құрыла бастады, ал қазіргі таңда осы қоғамдық кеңестер белгілі деңгейде қызмет ету тәжірибесі бар. Бүгінгі күні қоғамдық кеңестерге саясаткерлер, сарапшылар және де бұқаралық ақпарат құралдары белсенді түрде назар аударуда.

Қоғамдық-саяси трендтер көрсетіп отырғандай, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер институты терең талдауды және одан әрі жетілдіруді қажет етіп отыр. Жүргізілген зерттеудің аясында статистикалық мәліметтер талданды, мемлекеттік органдардың мәліметтері, қоғамдық кеңестердің халықаралық тәжірибелері, сондай-ақ азаматтар арасында сауалнама жүргізілді.

Жалпы алғанда қоғамдық кеңестер қызметі шамамен ХХ ғасырдың ортасынан бастап кең тарала бастады, оның белгісі ретінде азаматтық қозғалыстар санының артуын айтуға болады [3]. Қоғамдық кеңестердің құқықтық статусы, мүшелер құрамы, қалыптасу тәртібі, қабылданған шешімнің әсер ету деңгейі, сондай-ақ құзыреті әртүрлі болуы мүмкін екендігін ескеру қажет.

Осылайша, заманауи жағдайда азаматтық қоғамның мемлекеттік шешім қабылдауда қатысуы көптеген уақыт бойы қолданылып келеді. Әр түрлі факторларға байланысты мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестігінің түрлі-түрлі тетіктері қолданылған. Консультациялық кеңестерге қоғамның қатысуы және азаматтық қоғамның жеке өкілдерін қосылуы көптеген елдерге мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында ашықтықты және транспаренттілікті қамтамасыз етеді [4].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамдық кеңестер институты келесі белгілерге ие болуы шарт:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының қажеттілігін және мүдделерін ескеру, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын және бостандығын қорғау және мемлекеттік саясатты қалыптастыруда және жүзеге асыруда қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын қорғау;

2. азаматтардың әлеуметтік-экономикалық амандығын, және олардың тіршілігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдарда құрылған қоғамдық кеңестер қабылданған шешімдерінің ықпал ету деңгейіне қарай бөлінеді. Халықаралық тәжірибені талдау нәтижесі көрсетіп отырғандай, қоғамдық кеңестер қабылдаған шешімдердің екі түрі бар: ұсыныстық және міндеттілік. Қоғамдық кеңестердің шешімі көптеген елдерде консультативті болып табылады (Дэйтон қаласының кеңесі (АҚШ), яғни олардың шешімі орындауға міндетті болып табылмайды. Осындай кеңестің басты маңыздылығы биліктің жергілікті немесе орталық органдарының жүргізіліп жатқан саясатына деген қоғамның реакциясы туралы билікке ақпарат беру болып табылады.

Алайда, кеңестердің шешімі міндетті сипатқа ие болатын жағдайлар кездеседі. Мысалы, Боливия еліндегі бақылау комитеттері жергілікті атқарушы органдарының бюджет қаражатының шығысын бақылайды екен [5]. Қаражаттың тиімсіз қолдануында комитеттер муниципалитет өкілдерінің қызметтен кетіру құқығы бар. Тағы басқа мысал ретінде, Сан-Франциско қаласының (АҚШ) жедел тобын келтіруге болады, олар мемлекеттік органның көпшілікке қолжетімді құжаттарды

беруден бас тартуы бойынша азаматтардан шағымдарды қабылдайды. Осы кеңестің бастамасы бойынша мемлекеттік органдар қажетті құжаттарды беруге міндетті болады. Қазақстанда жұмыс қорытындысы бойынша қоғамдық кеңестер ұсыныстар ғана бере алады, және де аталған ұсыныстар тек кеңесші сипатқа ие.

Аймақтық ҚК-нің ақпараттық сүйемелдеу саласында келесі үрдіс байқалады:

- ақпараттың ұсақталғаны;
- кері байланыстың болмауы;
- ҚК қызметі туралы толық ақпараттың болмауы;
- қазақ және орыс тілдерінде беріліп отырған ақпараттың толыққанды болмауы.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде орталық ҚК-нің ақпараттық сүйемелдеу саласында төмендегі үрдіс байқалады:

- барлық ақпарат сәйкес орталық атқарушы органның интернет-парақшасындағы «Қоғамдық кеңестер» арнайы рубрикасында жарияланады.

- кері байланыстың болмауы. Тек Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ғана кері байланыс арналарына ие.

- ҚК қызметі туралы ақпараттың толыққанды болмауы, сондай-ақ мәліметтердің тұрақты түрде жаңартылмауы мәліметтердің өзекті емес болуы мүмкін, ал ол жағдайда ақпараттық сүйемелдеу төмен деңгейде екендігінің бір көрсеткіші болып табылады.

- ҚК мүшелерінің лауазымдары көрсетілмеген, немесе тек Қазақстан Республикасының азаматы деп жазылған, ал ол «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында көрсетілген жариялық қағидаттарын бұзу болып табылады.

ҚК қызметінің тиімділігінің төмендігінің негізгі факторларына келесілер жатады:

- ҚК мүшелеріне деген сенімділіктің төмендігі. Қолданыстағы заңда ҚК мүшелерінің ротация үдерісінің және жаңа мүшелерді қайта таңдау тетіктерінің жоқтығы;

- белсенді азаматтық позицияны көрсетуге қоғамның дайын болмауы, осының ішінде ҚК алаңында да, азаматтардың селқостығы;

- ҚК ұсыныстық сипаттағы шешім, мемлекеттік органдармен қабылданатын шешімдерге ҚК ықпалының төмен деңгейге алып келеді;

- ҚК ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін қаржыландыру көздерінің болмауы [6].

Осы факторлар Еуразиялық Интеграция Институтының жүргізілген зерттеуімен расталды. Ақпараттық саясаттың басты кемшіліктердің арасында сарапшылардың ойынша ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін елемей, және немқұрайлы қарау жатады. Сарапшылардың тең жартысы (50 %) осындай ойға ие. Ал сарапшылардың 36 % шешімді түсіндіруде жеделдіктің, және мемлекеттік қызметшілердің қоғаммен байланыс орнатқанда біліктіліктің және икемнің болмау себептен ақпараттық саясаттың төмен деңгейде орналасқан деп санайды.

Сарапшылардың 24 % мемлекеттік мекемелердің бұқаралық ақпарат құралдарына деген ашықтықтың болмауы мен коммуникация жоқтығын көрсетіп отыр. Сарапшы қоғамның тек 8 % ғана коммуникациялық саясаттың және де біртекті қағидалардың жоқтығына сілтеме жасап отыр [6].

Сонымен қатар, жалпы әлеуметтік-саяси үрдістер туралы азаматтарды ақпараттандыру, сондай-ақ кері байланыс тетіктерінің жұмыс істеуі азаматтардың саяси сенімнің ең басты құраушысы болып табылатындығын ескеру қажет.

2016 жылы қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің құрылуымен мемлекеттің барлық деңгейде қоғаммен коммуникацияны арттыру маңызды екендігінің бір дәлелдемесі. Жүргізіліп отырған жаңа саясат аясында азаматтардың сенім деңгейі арта түсті. Еуразиялық Интеграция Институтының зерттеулеріне жүгінсек, жалпы, елімізде жүргізіліп жатқан ақпараттық саясаттың қанағаттанарлық деңгейде екенін көре аламыз. Сауалнамаға жауап берушілердің 22,9 % ақпараттандыруды және түсіндірме жұмыстарын нақты және уақытылы деп санайды. Сауалнамаға жауап берушілердің жартысы, яғни 41,7 % ақпараттың қажетті көлемін белгілейді, алайда жеке оқиға мен шешімді жариялау әлі де жеткіліксіз деген ойда. Ал сауалнамаға жауап берушілердің 22 % біршама оқиға мен шешімдердің сапалы түсіндіру жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын белгіледі және сауалнамаға жауап берушілердің тек 5,9 % «мемлекетпен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпараттандыру төмен деңгейде жүргізіліп жатыр деп мәлімдеді» [6].

Мемлекеттік басқару саласы бойынша дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестік арналары мұқият ойластырылған және де басты мемлекеттік шешімдерді қалыптастыруда және қабылдауда азаматтар өздерінің дауысы ескерілгендінен сезінген жағдайда өкімет органдары мен халық арасындағы арақашықтықтың азаюына алып келетіндігінде. Осындай ынтымақтастық мемлекеттік саяси тұрақтылығының нық негіздердің бірі болып табылады.

Белгілі ресей экономисті Б. Ракитскийдің ойынша «тек халық мүддесімен келісімде әрекет жасаған және де халықтың мүддесіне сай келетін және оның дайындығына сәйкес шараларды жүзеге асыратын реформатор табысқа қол жеткізе алады» [7].

Жалпы, біздің еліміздің азаматтарының Қазақстанда болып жатқан қоғамдық-саяси оқиғалар туралы ақпаратына деген қызығушылығы сарапшылардың ойынша жоғары деңгейде. Жүргізілген зерттеудің нәтижесі көрсетіп отырғандай, қоғамдық-саяси оқиғалар туралы ақпаратпен қызығатындардың саны халықтың 26 %, қажет болған жағдайда және мезгіл-мезгілімен тек 43,2 %, тек маңызы бар оқиғалар болған жағдайда 24,8 %, сонымен қатар ешқашан қызықпайтындар саны 5,9 %.

Мемлекеттік қызметті қайта реформалау және дамыту аясында мемлекеттік органдарда қызмет жасап жатқан ҚК өкілдерін тепе-тең бастамасында осы органдардағы байқау және аттестациялық комиссиялардың қызметіне қатысу мүмкіндігін ескеру қажет. Сондай-ақ, ҚК мүшелерінің де қызмет тиімділігін бағалауды енгізу орынды болып тұр.

Жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша, біз ҚК қызметінің тиімділігін бағалау үшін келесі белгілерді ұсынамыз:

1. мемлекеттік органдармен орындалған ҚК ұсыныстар саны;
2. мониторинг қызметінің нәтижесі;

Яғни, ҚК жұмыс тиімділігінің көрнекті белгісі болып ҚК берілген ұсыныстардың мемлекеттік органдардың өз жұмысында пайдалану және іске асыру болып табылады.

Қазақстандағы республикалық және аймақтық ҚК қалыптастырудың жаңа механизмдерін әзірлеу қоғамдық бақылауды тек тиімділік жағынан арттыра қоймай, сонымен қатар мемлекеттік басқару саласындағы шешімдерді дайындау мен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентімен алға қойылған бес институционалдық реформа, және оларды жүзеге асырудағы Ұлт жоспары – 100 нақты қадам заманауи шарттарда мемлекеттік басқаруды демократияландыру, мемлекет пен халық бірлесе әрекет ету жолындағы негізгі кезең болып отыр [8].

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін, халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, барлық деңгейлердегі мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін айқындайды [2].

Жоғарыда аталған Заң мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, территорияларды дамыту бойынша жергілікті басқару органдарының бағдарламаларын және бюджет жобасын орындауды талқылаудағы олардың рөлін күшейтуге бағытталған. Қоғамдық кеңестер қызметінің маңызды бағыты негізгі индикаторларды жетуде, азаматтардың құқығы мен бостандығын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді жүзеге асыруда, сондай-ақ қоғам алдында шешім қабылдауда мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру үшін азаматтық қоғамды қатыстыру болып табылады.

Қазақстанда азаматтық қоғамды жандандыру, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың серіктестігінің жаңа нысанын табу бойынша жүргізіліп отырған реформалардың табысы мен үрдісі оң тәжірибесін ескере отыра, бүгінгі таңда азаматтық қоғам институттарының қызмет мәселелеріне, және де мемлекеттік басқаруда қатысуына назар салу қажет.

Осы зерттеуді қорытындылай келе, бүгінгі күні мемлекеттік басқару саласында шешімді сарапшылық даярлау мен сүйемелдеудің негізгі субъектісі ретінде қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін бекіткен толыққанды құқықтық қор қалыптастырылғандығын ескеру қажет.

Мемлекет пен халық мүдделерін жариялық келісімнің институционалды платформасы ретінде Қазақстан Республикасындағы ҚК институтының рөлін одан әрі күшейту оның өз құзыреті шеңберінде тәуелсіздігін және дербестігін одан әрі нығайтуда деген шешімге келдік, ҚК ұсыныстарының қол жетімділігін қамтамасыз ету және ақпараттық ашықтығын нығайту және жалпы ҚК қызметінің және ҚК шешімдерінің жариялығын, ағымдағы не болмаса стратегиялық

мәселелер бойынша мемлекеттік орган қызметінде азаматтық қоғам өкілдерінің конструктивті ұсыныстарын не пікірлерін анықтау үшін шарттардың болуы қажет.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңес институтының келешегінің маңыздылығы негізгі индикаторларға жетуде, нормативтік құқықтық актілерді жүзеге асыруда, сондай-ақ басқару шешімді қабылдауда халық алдында мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру азаматтық қоғамның одан әрі мемлекетте болып жатқан басқару шешімдеріне тарту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [Электрондық ресурс]. -2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. (Қараст. мерзімі: 04.04.2018).
2. Қоғамдық кеңестер туралы: 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс]. -2012. –URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000383>. (Қараст. мерзімі: 04.04.2018).
3. Тонкачева Е.Б., Черепок Г.Б. Государство и гражданское общество: практика эффективного взаимодействия. Международный опыт: Сборник статей и докладов / Центр правовой трансформации и Фонд развития правовых технологий. -2009. - Вып.12. -163 с.
4. Общественные советы в Казахстане: основные тренды развития: брошюра/ под редакцией З.К. Шаукеновой – А.: КИСИ, 2017 – 15 с.
5. Blair H. Participation and accountability at the Periphery: Democratic local governance in six countries// World development. -2000. –V. 28. -№ 1. -P.26
6. Медеуов Ж.К. Коммуникативная политика в Республике Казахстан: современное состояние и перспективы развития: монография / Ж.К. Медеуов, Р.А. Кудайбергенов, К.Н. Каппаров и др. – Астана: Институт Евразийской интеграции, 2017. - 142 с.
7. Ракитский Б.В. Наука о социальной политике: методология, теория, проблемы российской практики. Становление науки о социальной политике: в 2-х т. 2017. - М., 53 с.
8. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам: Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы [Электрондық ресурс]. -2015. –URL: https://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzegedyn-100-kadamy_a2777949 2015.

Ж.Е. Бакатова

Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан

Институты общественных советов в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития

Аннотация. Представлен обзор текущего состояния деятельности республиканских, а также региональных общественных советов Казахстана. Изучены деятельность общественного совета функционирующих при центральных государственных органах, так и местных исполнительных органах, где было выявлено, что имеются ряд проблем в области принятия решений в сфере государственного управления. Анализ мирового опыта принятия решений с участием общественных советов показывает, что существует два вида решений. Также в данной статье отмечается, что информированность граждан о социально-политических процессах в целом, а также функционирование механизмов обратной связи – один из главных составляющих политического доверия граждан к проводимой политике в стране. Вместе с тем, предложены перспективные направления деятельности общественных советов в процессе принятия управленческих решений государственных органов Республики Казахстан.

Ключевые слова. Общественные советы, государственные органы, государственная политика, принятие решений, институт гражданского общества, государственное управление.

Zh. Bakatova

Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

The Public Council of the Republic of Kazakhstan: the present state and future prospects

Abstract. An overview of the current state of the activities of the republican and regional public councils of Kazakhstan is presented. The activities of the public council functioning under the central state bodies and local executive bodies, where it was revealed that there are many problems in the field of decision-making in the public administration. The analysis of the world experience in decision-making with the participation of public councils shows that they have only two types of solutions. Also, this article is noted that awareness of citizens about socio-political processes in general, as well as the functioning of feedback mechanisms is one of the main components of

the political trust of citizens to the current policy in the country. Moreover, this article is offered perspective direction of activity of public councils in the process of taking management decisions of state bodies of the Republic of Kazakhstan.

Key words. Public councils, state authorities, public policy, decision-making, civil society institutions, public administration.

References

1. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti - elbasy N.Ә. Nazarbaevtyн Qazaqstan halqyna Zholdaуy. «Qazaqstan-2050» Strategijasy қалыптасқан мемлекеттің zhana saјasi bagyty [Message of the President of the Republic of Kazakhstan - Leader of the Nation of Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan “Strategy” Kazakhstan-2050 “: a new political course of the held state”] [Electronic resource]. -2012. –URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. (accessed: 04.04.2018).
2. Qogamdyq kenester turaly: 2015 zhylygy 2 qarashadagy Qazaqstan Respublikasynyn Zany [About public councils: The Law of the Republic of Kazakhstan of November 2, 2015 No. 383-V ZRK] [Electronic resource]. 2012. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000383>. (accessed: 04.04.2018).
3. Tonkacheva E.B., Cherepok G.B. Gosudarstvo i grazhdanskoe obshhestvo: praktika jeffektivnogo vzaimodejstvija. Mezhdunarodnyj opyt: Sbornik statej i dokladov / Centr pravovoj transformacii i Fond razvitija pravovyh tehnologij [State and civil society: the practice of effective interaction. International experience: Collection of articles and reports / Legal Transformation Center and Legal Technologies Development Fund]. 12, 163 (2009).
4. Obshhestvennye sovety v Kazahstane: osnovnye trendy razvitija: broshjura/ pod redakciej Z.K. Shaukenovoj [Public councils in Kazakhstan: main development trends: brochure / edited by Z.K. Shaukenova] (KISI, Almaty, 2017, 15 s.).
5. Blair H. Participation and accountability at the Periphery: Democratic local governance in six countries, World development. 28(1), 26(2000).
6. Medeuov Zh.K., Kudajbergenov R.A., Kapparov K.N. and others Kommunikativnaja politika v Respublike Kazahstan: sovremennoe sostojanie i perspektivy razvitija: monografija [Communicative policy in the Republic of Kazakhstan: current state and prospects for development: monograph] (Institut Evrazijskoj integracii, Astana, 2017, 142 p.).
7. Rakitskij B.V. Nauka o social’noj politike: metodologija, teorija, problemy rossijskoj praktiki. Stanovlenie nauki o social’noj politike: v 2-h t. [The science of social policy: methodology, theory, problems of Russian practice. The formation of the science of social policy: in 2 vol.] (Moscow, 2017, 53 p.).
8. «Ylt zhospary – bes institucionaldyk reformany zhyzege asyru zhonindegi 100 naktу қadam» Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2015 zhylygy 20 mamyrday bagdarlamasy [Letters and telegrams in support of the “Nation Plan - 100 concrete steps to implement the five institutional reforms]. [Electronic resource]. -2015. URL: https://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevtyн-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949.

Автор туралы мәлімет:

Бакатова Ж.Е. - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының «Мемлекеттік саясат» бағдарламасы мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан.

Bakatova Zh. - a graduate student of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan for receiving a master degree, the specialty is «Public policy», Astana, Kazakhstan.

МРНТИ 06.61.53

Б.Н. Казнев¹, Л.М. Мартынов²

Московский государственный технический университет имени Н.Э. Баумана, Москва, Россия

(E-mail: ¹baglank@yandex.ru, ²livonmartinov@mail.ru)

Применение геоинформационной системы менеджмента на примере города Алматы

Аннотация. Актуальность создания 3D ГИС города Алматы велика как никогда, если учитывать темпы роста мегаполиса. Чтобы новая 3D ГИС система была конкурентоспособной, для ее создания рекомендуется использовать новейшие геоинформационные технологии и опыт высококвалифицированных зарубежных специалистов. Сегодня, подобные карты уже внедрены в крупнейших городах мира, таких как Токио, Дубай, Сингапур, Лондон, Барселона.

Излагаемая в статье информация описывает основные задачи создания 3D ГИС карты города, методику